



Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті

Костанайский государственный университет
имени Ахмета Байтұрсынова



intellect, idea, innovation
3i
интеллект, идея, инновация

№2 2014 «3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация»

**КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

«3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация»

2014 ж. маусым, № 2

№ 2, июнь 2014 г.

Жылына төрт рет шығады

Выходит 4 раза в год

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің көпсалалы ғылыми журналы
Многопрофильный научный журнал Костанайского государственного университета
им. А. Байтұрсынова

Меншік несі:

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Собственник:

Костанайский государственный университет им. А. Байтұрсынова

Бас редакторы / Главный редактор:

Нәметов А.М. – ветеринария ғылымдарының докторы /доктор ветеринарных наук

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

Ким Н.П. - педагогика ғылымдарының докторы /доктор педагогических наук

Редакциялық кеңес / Редакционный совет:

1. Абсадықов А.А. – филология ғылымдарының докторы /доктор филологических наук
2. Айтмұхамбетов А.А. – тарих ғылымдарының докторы /доктор исторических наук
3. Анолене А. – ветеринария ғылымдарының докторы /доктор ветеринарных наук (Литва)
4. Астафьев В.Л. – техника ғылымдарының докторы /доктор технических наук
5. Гайфуллин Г.З. – техника ғылымдарының докторы /доктор технических наук
6. Гершун В.И. – ветеринария ғылымдарының докторы /доктор ветеринарных наук
7. Джорджи М. – ветеринария ғылымдарының докторы /доктор ветеринарных наук (Италия)
8. Жиентаев С.М. – экономика ғылымдарының докторы /доктор экономических наук
9. Одабас М. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы /доктор сельскохозяйственных наук (Турция)
10. Козинда О. – ветеринария ғылымдарының докторы /доктор ветеринарных наук (Латвия)
11. Коддыбаев С.А. – философия ғылымдарының докторы /доктор философских наук
12. Крымов А.А. – заң ғылымдарының докторы /доктор юридических наук (Российская Федерация)
13. Лозовицка Б. – PhD докторы/ доктор PhD (Польша)
14. Лутфуллин Ю.Р. - экономика ғылымдарының докторы /доктор экономических наук (Российская Федерация)
15. Мак Кензи К. – заң ғылымдарының докторы /доктор юридических наук (Великобритания)
16. Найманов Д.Қ. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы /доктор сельскохозяйственных наук
17. Пантелеенко Ф.И. – техника ғылымдарының докторы /доктор технических наук (Республика Беларусь)
18. Рябинина Н.П. – педагогика ғылымдарының докторы /доктор педагогических наук (Российская Федерация)
19. Шило И.Н. – техника ғылымдарының докторы /доктор технических наук (Беларусь)
20. Шнарбаев Б.К. – заң ғылымдарының докторы /доктор юридических наук

Редакциялық кеңесінің хатшысы / Секретарь редакционного совета – Нургалиева Р.К.

Журнал 2000 ж. бастап шығады. 27.11.2012 ж. Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде қайта тіркелген. № 13195-Ж куәлігі./Журнал выходит с 2000 г. Перерегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 27.11.2012 г. Свидетельство № 13195-Ж.

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дің 05.07.2013ж №3 «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация» журналы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті алқасының шешімімен 06.00.00-Ауылшаруашылық ғылымдары және 16.00.00-Ветеринариялық ғылымдар салалары бойынша диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізіміне кірді./Решением Коллегии Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан №3 от 05.07.2013 г. журнал КГУ им. А. Байтұрсынова «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация» включен в Перечень научных изданий, рекомендуемых для публикации основных результатов диссертаций по отраслям: 06.00.00-Сельскохозяйственные науки и 16.00.00-Ветеринарные науки.

2012ж аталмыш журнал ISSN (ЮНЕСКО, г. Париж, Франция) сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі халықаралық орталығында тіркеліп, ISSN 2226-6070 халықаралық нөмірі берілді./Журнал в 2012 г. зарегистрирован в Международном центре по регистрации серийных изданий ISSN (ЮНЕСКО, г. Париж, Франция), присвоен международный номер ISSN 2226-6070.

Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Қолжазбаларға рецензия берілмейді және қайтарылмайды. Ұсынылған материалдардың дұрыстығына автор жауапты. Қайта басылған материалдарды журналға сүйеніп шығару міндетті./Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. Рукописи не рецензируются и не возвращаются. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна.

Спирина Людмила Рудольфовна - шетел филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлы-әлеуметтік факультет, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Тел.8 777 301 27 56, e-mail: lyudmila711@mail.ru

Spirina Lyudmila - senior lecturer of the department of foreign philology, humanitarian-social faculty of A. Baitursynov Kostanay state university, Kostanay, Tel..8 777 301 27 56, e-mail: lyudmila@mail.ru

УДК 82-1: 821.512.122

КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ ТУРАЛЫ ПОЭМАЛАРДАҒЫ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Тулегенова Ш.И. - тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Мақалада Кенесары-Наурызбай батырлар туралы поэмалардағы дәстүр сабақтастығы баяндалған. Қазақ эпосынан басталып, тарихи шығармаларға ұласып, жазба әдебиетіміздегі зар заман өкілдерінің шығармаларына ұласқаны жайлы көрсетілген.

Әдебиетіміздің зар заман өкілдерінің бірі - Шортанбай Қанайұлының «Көз көрген қазақ батырынан» бастау алып, І.Жансүгіровтың «Күйші», «Мұхамеджан Сералиннің «Топ жарған», Қалижан Бекхожинің «Жасауыл қырғыны» сынды шығармаларына ұласып, Кенесары мен Наурызбай батыр бейнелерінің дәстүрлі сабақтастығы көрсетілген. Мақалада батырлардың ерлігі, елге деген махаббаты, ақылдығы, жеріне деген сүйіспеншілігі баяндалған. Тарихи оқиғалар жазба әдебиетімізге рух беріп, құнарлы көркем шығармалар туды. Елі үшін, жері үшін жанын салып күрескен батыр ұлдарымыздың басынан кешкен қилы кезеңдердегі күресі жайлы анық және нақты көрсетілген. Дәстүр - шығарманың өзіне дейінгі ақын-жазушылар поэзиясының озық үлгілерінен үйрену, әсерлеу, бейнелеу құралдарынан, өлеңін өлшеу-өрнектері сол қалпында қайталанбай орнымен қолдана білгендігін көрсетеді. Әр ақын-жазушының шығармалары бір-біріне ұқсамай, жаңашылдыққа бер бұрып, ғасырдан-ғасырға жалғасқандығы көрсетіледі.

Нег сөздер: батыр; ер жүрек; қолбасшы; шайқас; жер мәселесі; тәуелсіздік; азаттық, ақын.

ТРАДИЦИОННАЯ ВЗАИМОСВЯЗЬ В ПОЭМАХ О КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЕ

Тулегенова Ш.И. - старший преподаватель кафедры теории языков и литературы, Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова

В статье излагается традиционная взаимосвязь в поэмах о Кенесары-Наурызбае. Здесь говорится о том, что истоки из казахских эпосов, переросли в исторические произведения, а затем и в прозаические произведения представителей эпохи скорби.

Начиная с произведения одного из представителей эпохи скорби Шортанбая Қанайұлы «Көз көрген қазақ батырынан», нашли отклик в произведениях И.Джансугурова «Күйші», М.Сералина «Топ жарған», К.Бекхожина «Жасауыл қырғыны» и сумели раскрыть традиционную взаимосвязь в поэмах о Кенесары-Наурызбае. В статье излагается героизм батыров, ум, любовь к родному народу и родине. Исторические события придали дух письменной литературе, впоследствии чего возникли полные смысла художественные произведения. Достоверно и точно указывается о борьбе батыров за родной народ и родину в разные периоды. Традиция в том, что они брали пример из поэзии предшествующих поэтов и писателей, переняли опыт в художественных приемах, но их творчество не повторялось, был близко к новаторству и переходило из поколения в поколение.

Ключевые слова: батыр, отважный, полководец, битва, проблема земли, независимость, свобода, ақын.

DESCRIBES THE TRADITIONAL COMMON FEATURES IN POEMS ABOUT KENESARU-NAURYABAEV

Tulegenova Sh.I. – senior lecturer, department of theory of languages and literature, Kostanay State University named after A. Baitursynov

The article describes the traditional common features in poems about Kenesary - Nauryzbaev . It is said here that the Kazakh epics became historical works that inspired poets of the Era of sorrow .

The works of one of the poets of the Era of sorrow Shortanbay Қанайұлы " Koz korgen kazak batyrynan " influenced the works of I.Dzhansugurov " Kyuishi ", M.Seralin "Top zhargan "K.Bekhozhin" Zhasauyl kyrgyny" and revealed common features in poems about Kenesary - Nauryzbaev . The article describes the heroism of batyrs, their wisdom, love for their nation and homeland. Historical events inspired poets to create meaningful and rich works. Brave fight for their nation and homeland is reflected reliably and accurately. Traditional common features are that poets and writers adopted experience in artistic techniques from the previous works without reiteration and every new generation of the poet brought something new to the poems about batyrs.

Keywords: batyr, brave, general, battle , land ownership issues , independence, freedom, akin.

Қазақ эпосынан басталып тарихи шығармаларымызға ұласқан, сонан соң жазба әдебиетімізге көшкен көркемдік арна – күллі қазақ әдебиетінің ішкі рухани тұтастығын ұстап тұрған басты құндылығымыз. Шын мәнінде, қазақтың алты алашқа атағы кеткен, ғасырлар белесінде бір сәтке де халық жадынан ұмыт болмаған, халық жүрегінен мәңгі орын алған ақберен батырлардың ұлы көшін атақты ақын-жазушыларымыз тұтастыққа, бөліп-жармай, яғни алдыңғы толқын батырлардың тағылымын кейінгі толқын батырларға аманаттап, солардың қайсар рухынан өздері де қанаттанып, күш-қуат алып өнер сайысында қарсыластарынан үнемі үстем болып отырғанын аңғарамыз. Айталық, әдебиетіміздің «Зар заман» деп аталатын әйгілі кезеңінің ірі өкілдерінің бірі – Шортанбай Қанайұлының «Көз көрген қазақ батыры» өлеңі:

Көз көрген қазақ батыры,
Алысқа кеткен дағбыры,
Хан кенедей ер қайда,
Шейіт боп кеткен тағдыры!?
Өлшеулі күні біткен соң,
Көпір салған тұзаққа
Ілініп бір кеткен соң,
Қош-қош айтып еліне,
Самалды шалқар көліне,
Құбақан сағым беліне,
Иманын тілеп алладан,
Көзден таса ақыры.
Наурызбай төре ер еді,
Өн бойы өнер сері еді,
Көпірмен сансыз шайқас сап,
Дәл ортаға айқасып,
Бекерге өлім демеді.
Күркіреп солар тұрғанда
Қазақты жау жеңбеді.
Хан Кене кетті арадан [1,21].

Бұл жыр жолдарынан батырдың ерлік жорығын дәріптей отырып, дәстүрлі жыраулық поэзия үлгісінде өмірге келген әдеби шығарма – жоқтаудың бір ұтымды үлгісін көреміз. Мұндай үлгілер сол кездегі қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығында мол кездеседі. Жалпы, шешендік өнер мен ақындық қуаттың қос арнасын қатар, жарыстыра өріп отыратын, соның тоғысқан тұсында құнарлы, тегеурінді ой-толғамдарын топтап, түйіндеп

жеткізетін көркемдік әдіс-тәсіл сол кездегі қазақ поэзиясына етене тән қасиеттердің бірі. Осы көркемдік арналар кейінгі кезде Махамбет, Шернияз, Сүйінбей, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса т.б. қазақ ақындарының шығармашылығынан көрініс тапты.

Қайталап айтсақ, батырын көкке көтерген, олардың тұлғасын ел махаббатына, жұрт сүйіспеншілігіне бөлеген осынау ақындық, жыраулық поэзияның осындай озық үлгілері кейіннен дүниеге келген жазба әдебиетке де суреткерлік рух берді, құнарлы көркемдік бояу қосты. Мысалы, жазба әдебиет өкілдерінің поэма, дастандарымыздағы батырлар тұлғасына назар аударсақ осыдан бірнеше ғасыр бұрын жасап кеткен жыраулық, ақындық поэзияның нақыш-өрнектері, сол жыр жолдарының суреткерлік қуаты қазіргі жазба әдебиет өкілдері поэзиясында да жыраулық, ақындық өнердің бай дәстүрлеріне табан тіреген жазба әдебиеті өкілдері тарихи шындықты көркемдік тұрғыдан жинақтаудың жаңа, өнімді әдіс-тәсілдеріне қол артқанын кейінгі жылдар шығармалары айна қатесіз көрсетті. Сондықтан да, тарихи тақырыпты арқау еткен шығармаларымыз басқа жанрларға қарағанда тарихи тұлғалар тағдырын, оның ішінде қазақ батырларының ерлік істерін, қаһармандық жорықтарын, олардың кейіпкер ретіндегі ішкі жан дүниесін, рухани болмысын тереңірек бейнелеуге ден қойды. Бұл мақсатта қазақ әдебиеті халық тарихын қайта тірілту, сол арқылы оқырмандар санасында тарихи таным мен тарихи тағылымды қайта жаңғырту, қайта өлеңінен өткізуде өлшеусіз еңбек сіңірді. Ұлттық құндылықтарымыз осылайша бір жаңа қырларымен жарық шаша, құлпыра түсті.

Сондықтан да, әдебиетімізде көп жырланған атақты батырларымыз, ең бастысы, ел басына қатер төнгенде шашақты найза қолға алып, қазақтың жау жүрек ұлдарын бастап басқыншы жауға тойтарыс берген Абылай, Қайыр хан, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шапырашты Наурызбай, Өтеген, Сұраншы, Райымбек, Батыр Баян, Кенесары, Науан сынды есімі ісі қазаққа аса қымбат, аса аяулы батырлардың әдеби мұраларымызда: халық ауыз әдебиетінде, жыраулық поэзияда, жазба әдебиетте бас кейіпкерлер деңгейіне көтерілу сыры алдыменен олар туралы тарихи жырлардың, тарихи аңыз-әңгімелердің ет арасына кеңінен жайылуында және олардың ұрпақтан-ұрпаққа тарап, жалғасып келе жатқандығында жатыр. Яғни қазақ елінің, қазақ

жерінің тағдырындағы Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шапырашты Наурызбай батырлардың және осы қатардағы басқа да әйгілі қазақ батырларының тарихи миссиясының мәні мен маңызын алдыменен осы тұрғыдан таразылағанымыз орынды.

Ең бастысы ел тағдырындағы, ұлттық тарихымыздағы әрбір есімі белгілі, халық жадында биік тұғырға көтерілген, халықтық ұғымдағы ел махаббатына, ел сүйіспеншілігіне бөленген батыр-тарихи тұлға ретінде бүгінгі күнде де, қазіргі заманымызда да еш маңызын жоймайды. Әсіресе қазіргі тұста, қолымыз ұлттық тәуелсіздікке жетіп, еліміз ғасырлар бойы аңсаған, армандаған егемендігін алған тұста қазақ батырларының баға жетпес еңбегі, ерлік жорықтары, ең бастысы бір сүйем қазақ жері үшін қасық қаны қалғанша жаумен жаға жыртысып тағдыр кешкені – тарихи танымның, рухани тағылымның баға жетпес биігі осы.

Тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған ерліктің, тарихи ерліктің құнын терең қадірлеуіміз қажет. Қазақ батырларының білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті, кең байтақ қазақ жері – бізге, бүгінгі ұрпаққа мұра болып қалған басты игілік осы. Осы, қазақ батырларының қаны тамған киелі жеріміздің қойнауындағы, жалпақ тілмен айтқанда жердің асты, үстіндегі бар байлығымыз – тағы да осы батырларымыздың бізге аманаттаған жан сыры, жүрек нұры. Осыны біз бүгін көздің қарашығындай қадіріне жетіп, сақтай білуіміз парыз.

Қазақ батырлары және олардың ел тағдырындағы тарихи орны дегенде, біз біріншіден, батырлар жырындағы, тарихи жыр, аңыз, дастандардағы тереңнен тамыр тартқан туған жер туралы идеяны бірінші қатарға қоюымыз қажет. Батырлар туралы бірде-бір халық мұрасы осы идеяны айналып өтпеген. Туған жерді қорғау, сақтау, келер ұрпаққа аманаттау, ел бірлігі, ел ынтымағы идеясы бізге жеткен барлық әдеби мұралардың алтын арқауы осы.

Кенесарының ақылдылығын, ер адамды бағалай білетіндігін сипаттайтын бір поэма – «Топ жарған» [2]. Бұл поэманы шығарушы ХХ ғасыр әдебиетінде орны үлкен жазушылардың бірі – Мұхамеджан Сералин (1872-1929). «Топ жарған» поэмасында баяндалатын уақиғаны Мұхамеджан Сералин, әкесі Серәліден естіген. Мұхамеджанның әкесі Серәлі Еруәліұлы да хат білген, өлеңді ауызша да, жазып та шығаратын адам болған. Серәлі 1835 жылы туып, 1876 жылы қайтыс болған. Әкесі Еруәлі Сыр бойында қыстап, Арқа жерін жайлап жүрген көшпелі шаруа екен. Жасынан осылай жер көріп, ел танып өскен Серәлі талай жиын-тойларда тарлан ақындардың төлімін алып, өзі де ысылып, сан саңлақпен сөз сайысына түскен. Ол өзі тұстас талай ірі ақындармен, Ошақты руынан шыққан Ұлбике, Сыр бойының

Сері ақыны Кете Ешнияз Салмен (1837-1902) айтысқан. Әсіресе оның атақты Орынбаймен айтысы көркемдік кестесімен бірге, Серәлінің өз заманындағы озық, парасатты адам екенін танытады.

«Топжарған» екі рет жарияланды: 1942 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясында және 1960 жылы шыққан «Дастандар» жинағында (құрастырған Х.Сүйіншәлиев). Қазіргі оқушылар «Топжарғанды» осы екі басылуы бойынша біледі. Сонда дастанның қазіргі нұсқасы автордың көзі тірісінде жарық көрген нұсқаға сәйкес пе, жоқ па? Біз осы бір сұрауға жауап бермекпіз. Бірден айтайық, дастанның қазіргі басылып жүрген нұсқасы көп өзгеріске ұшыраған. Дастанның алғашқы жарық көрген (1900ж.) нұсқасы мен соңғы «Дастандар» жинағына кірген нұсқасының арасында көш жер алшақтық бар.

«Топжарған» көлемі жағынан шағын дастан, небәрі 564 жол. Ал, «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясы мен «Дастандар» жинағында одан да шығындылып, 480 жолға түскен, демек 80 жолы жоқ, орның орнына тыңнан төрт жол – бір шумақ өлең қосылған. Кейбіреу бұл өзі бұдан алпыс жыл бұрын жазылған шығарма және мұнда Кенесары төңірегі сөз болады, сондықтан орынды қысқартулар жасалған шығар, деп ойлауы мүмкін. жоқ, олай емес. Көбінесе дастанның идеялық бағытын анықтап, аша түсетін жолдар түсіп қалып отырған.

Кенесарының үш ұрысы Маңғыстаулық жігітті тұтқындап, елге әкеле жатқанда, жігіт жол-жәнекей олардан:

Болсаңыз хан Кененің төлеңгіті,
Не кәсіп күнелтуге қыласыз сіз?-

деп сұрайды. Соңғы жол «Дастандар» жинағында: «Атымды қайтып маған бермеймісіз», - деп өзгертілген. Мәселе бұл жолда емес. Автор Кенесарының мақтаншақ жортуылшыларын сөйлетіп, өздерін өздеріне әшкерелетеді. Маңғыстаулық жігіттің сұрауына олар беттері бүлк етпестен былай деп жауап береді:

Үшеуі ол жігітке жауап берген,
Хан Кене зекет алар көшкен елден.
Зекетке жазы мен күз көп мал алып,
Бәрің де төленгітке бөліп берген.
Жатпайды жігіттері ханның текке,
Жорыққа жортуылшы шығар шетке.
Жерлерден кезі келген жылқы алып,
Олжаны қуғыншылар салар көпке.
Семізін келген малдың сойып жеген,
Ат, киім жаудан түссе, мініп киген.
Жетім мен жесір алса жортуылдан,
Өзіне алушының түгел тиген.
Олжадан жетім-жесір малдан артық,
Келеді халқы олардың тарту тартып.
Барлардың ағайыны көп мал беріп,
Сүйегін тұтқындықтан алар қайтып.
Халыққа Кене жатыр қорқу салып,
Тартумен жұрт бағынған ханға барып.
Тұтқынды іздеуші жоқ, ақша беріп,
Құлдыққа сарттар сатып кетеді алып.
Төңіректе ел қалмады бағынбаған.

Бақыты Кене ханның қабындаған.
Бас қойып Кене ханға бағынған соң,
Ол елге жортуылшы қағылмаған.

Міне, бұл жолдар «Топжарғанның» соңғы басылуларында атымен жоқ. Маңғыстаулық жігіт өзін тұтқындап әкеле жатқан жандардың сөз аңысын аңдыған соң, оларды да, Кенесарыны да мысқылдап кекетеді:

Сонда тұтқын сөйлейді:

- Құрбыларым,
Кене хан алар шауып жаудың малын.
Өлмей ме төленгіті ханның аштан,
Тыймаса бағындырып елдің бөрін,
Айнала елдің бәрі бағынған соң,
Кененің жауы дос боп табылған соң,
Өлмей ме төленгіті ханның аштан,
Есігі барымтаның жабылған соң.

Тұтқын жігіттің осындай ащы да ауыр өжуа сөзін түсінбей, даңғой ұрылар өздерін ұрлыққа аттандырған қожасын мақтай беруден жақтары тынбайды:

Бұл күнде күшті боп тұр Кенесары,
Қылмайды кімді быт-шыт келсе көһрі.
Кеңе бағынған ел қойдан жуас,
Аз ба екен төленгітке елдің малы.
Қыстауға Жыланшыққа мекен салдық,
Биыл қыс қатты болды, жұтап қалдық.
Салада сексен ауыл Жылкелдіні
Көктемде ашыққан соң шауып алдық.
Жаппаста Жылкелдінің баласы бай,
Айдарға – мал, артарға – атаны сай.
Шапқан соң Жылкелдіні мал бөлістік,
Тиісті ер басына жиырма тай.

Дастанның соңғы басылуларында түсіп қалып жүрген, бұл жолдардан автордың айтпақ болған негізі ой түйіні айқын байқалады. Кенесары тобының бар кәсібі ел шабу, ел тонау екенін өз төленгіттері мақтаныш етіп, алғаш жолыққан адамға айтып салады. Бірақ, амал нешік, дастанның соңғы басылуында бұл шумақтар да жоқ. М.Сералин Кенесарының соңына еріп жүрген небәрі «жүз қаралы үй» төленгіт ғана екенін дастанның бірнеше жерінде әдейі атап өтеді.

Жайлаған қарасайды жүз қаралы үй,
Шығады өлең даусы, тартылған күй.

Бишара тұтқын жігіт ой ойлайды:

«Көркем,-деп, - өлде қандай залымнан сый».

Бұл шумақ та қазір дастанда жоқ. Осындағы «залым» деген жалғыз сөз ақынның анда-санда «Кене хан», «Кенеке» деп сырт көз үшін айта салған қошемет сөздерін мүлде жоққа шығарып тұрған жоқ па?

«Топжарғанда» бірінші рет «Қазақ өдебиеті» хрестоматиясынан оқығанымызда, «тегі, автор Кенесарыны пәлендей жек көрмейді екен» деп ойлап қалғанымыз есімізде. Сонда көңілде күдік тудырған «Кене отыр ортасында ақылы алтын» деген жол болатын. Бұл жолдар «Дастандар» кітабында: «Кене

отыр ортасында қаны салқын» деп түзетілген көрінеді. Бірақ бұл түзету де өлеңдік жағынан жарасып тұрған жоқ, себебі алғашқы жолдағы ұйқас та – «Салқын» («Сәске түсте киіз үй іші салқын»). Ал, дастанның бірінші басылуында өлгі жол: «Ордасында Кене отыр қалпағы алтын» деп оқылады: Кенесарыны бұлайша суреттеу шындыққа жанасады өзін өзі ханмын деп жариялаған ол, далбасалықпен басына зер ұстаған айыр қалпақ киетін болған:

Дастанның алғашқы басылуында арнауы бар, қазір ол да түсіп қалып жүр. Онда былай делінген:

Елжанға тартылады
Елжеке, тарту аттым алдыңыз ба?
Сіздердей ағалардан ғапу тұттық,
Сөйлейтін сөзімізге жарлымызға.
Шығардық бір хикаят көңіл шаттан.
Жаратқан жәрдем тілеп жаппар хақтан.
Пайдалы көпке өнерім болмаса да,
Бір қалған жұрнақ едім асыл заттан.
Ініңіз Мұқаметжан мұны жазған,
Инемен гүл бағына құдық қазған
Алдыңа бұл сөзімді тарту қылып,
Төптішіңе, ағеке, қылған базнам.

Түп нұсқа бұрмаланып, жаңадан қосылған жолдар, жеке сөздер бар, бунақ орындарының ауысуы бар дастан текстіне үш жүзге тарта түзету енгізілген. Соған қарағанда мынадай бір пікір ойға келеді. Революциядан бұрын қазақ тілінде шыққан кітаптардың тиражы тым аз болғаны белгілі. Сондықтан ол кітаптар қолдан қолға көшірме күйінде де тараған, жаттап айтушылар да болған. Сірә, біздің байқауымызша, қазір «Топжарған» дастаны деп малданып жүргеніміз – дастанның бұрын баспа жүзін көрген нұсқасы емес, біреудің жатқа жазып шыққан қолжазбасы болуы керек. Әйтпесе, бір дастан текстінің осыншама өзгеріске ұшырауы тіпті мүмкін емес сияқты.

Ілияс Жансүгіровтің 1934 жылы жазылған «Күйші» [3] поэмасы – өнер құдіреті арқылы адам тағдырын, өмір сырын, махаббат пен зұлымдық иірімдерін ашатын кең тынысты туынды. «Күй» поэмасынан белгілі қобыз сарыны домбыра үні арқылы «Терісқақпай», «Қара жорға», «Бозінген», «Қаромсақтай», «Сары өзен» болып естіледі. Арқадан асып, Алатауды бетке алған Кене ордасы, қалың көпшілік көңілі-көл, жүздері-жаз. Домбыра арқылы қазақ даласы, дүбірлі кезең шындығы, адам өмірінің алуан сәттері сыр болып шертіледі. Күй әуеніне еліткен «Батыр да, хан да, қыз да, қазаншы да, Бәрі бір домбыраға мінгескендей». Күйші көшкен елдің ой-аңсарын домбыра арқылы тербеп те, тебіреніп те жеткізеді. Енді бірде.

Шаңқылдап бірде аспанда тау қыраны,
Күрпілдеп бірде бие саудырады.

Майдалап бірде қоңыр самал соғып,

Бұрқ-сарқ бірде нөсер жаудырады,

- деп те сан алуан көріністерді қолмен ұстатқандай бедерлі баяндайды.

Әсем әуенге, күйші құдіретіне тәнті болған хан Кененің қарындасы «әйелдің ақ сұңқары, ақы

дариясы» - Қарашаш қалап, біржола алады. Күйші енді еркіндігінен айрылып, Қарашаш ханзаданың басты тапсырмасы – күй тарту жұмысымен біржола айналысады.

Қарашаш пен Күйші арасы – психологиялық иірімдерге толы. Күйші алтын мен жібекке, зер кестелі сарайға кез болады. Ақ отау, асыл бұйым, түрленген түскиіз т.т. Күйшінің көңілін өсіріп, сезім селін туғызады. Күй сарыны енді жаңаша түрленіп, өзгеше өуенмен қанат қағады.

Қазақ даласын отарлап, өзіне бағындырып алмақ болған патша өкіметіне, оның сүйенген хандарына қарсы қазақ халқы XVIII ғасырдың 80-жылдарынан бастап XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін қарулы көтеріліске түсті. Халық өзінің тәуелсіздігін, қолдан кеткен жер-суын, ата мекен қонысын сақтап қалу үшін ондаған жылдар бойы қолына найза, қарына садақ іліп, ат үстінен түспеді. Халық қозғалысының жалынды жыршысы Махамбет сөзімен айтар болсақ, бұл кезеңдегі батырларға «екі малта ас болды», «өзіңнен туған жас бала, сақалы шығып жат болды», «тебінгі терге шіріді, терлігі майға еріді». Сарыарқа қанға боялып, теңіздей толғанып, өзінің шеңберінен асып, тулап, бүлініп жатады. Халық қозғалысының тұтасқан қалың бұлты құлазыған қазақ даласын тұмандай басып, қоршады да тұрады. Бірақ халық қимылы жеңіліс тапты. Себебі күш тең емес еді. Оның үстіне азаттық күресіне түскен елдің ішкі бірлігі де болмады. Жантөре, Баймағамбет, Жәңгір сияқты хандар елдің бірі бөлігін жырып алып, патша өкіметімен бірлесіп, халық қозғалысын ат бауырынан қан ағызып басып отырды.

Абылай, одан соң Кенесары халық қозғалысын бір арнаға салу, орталық үкімет жасау әрекетін көздеген болса да, сұлтандардың әрекеті, ру алалығы оған жол бермеді. Кенесарының Арқадан Жетісуға ауып баруын Нысанбай: «Тоқтай алмай келгені, бұ жақтағы жұртының ауызының аласы» деп дұрыс көрсеткен. 90 жылға созылған халық қозғалысының ең көлемдісі әрі күштісі, өрлеп барып құлаған биік шыңы осы Кенесары – Наурызбай көтерілісі болатын. Кенесарыны күреске мәжбүр еткен себептердің бірі – қазақ елінің тәуелсіздігін жойған патша өкіметінің «Сібір қазақтарын билеу жөніндегі ережесі». Бұл қозғалыс ізсіз кеткен жоқ. Халықтың азаттық жолындағы күресі XIX ғасырдағы әдебиеттен кең орын алды. Дәл осы кезде ерлікті, батырлықты дәріптейтін толып жатқан жаңа жыр, жаңа толғаулар туады. Халық әдебиетінде жаңа идея, жаңа мазмұн, жаңа тарихи бейнелер пайда болады. Бұрын халық әдебиеті көбіне эпостық жырлардан құралатын болса, енді нақты өмір шындығына құрылған әдебиет үлгілерімен толыға түседі. Оның басты бір бұлағы – азаттық күресі болды. Оның жыршылары – Махамбет, Ығылман, Нысанбай,

Тілеген, Досқожа, Күдері қожа сияқты ақындар. Бұл кездегі әдебиеттің үш түрлі саласы болды: бірі – халық күресінің жыры, екіншісі – зар заман әдебиеті, үшіншісі – жазба әдебиет.

Кең тынысты, құрыштай шумақтарды құлаштап қалаудың шебері Қалижан Бекхожин ірірі-ұсақты қырық шақты поэма жазған, соның бірі «Батыр Науан» поэмасын [4] ол 1939 жылы жазған. Кенесары хан, Наурызбай, Науан батырлар туралы жыр-дастанын қағаз бетіне түсірмей, іштей пісіріп жүрген кезінде, көкейінде күлбілтеленіп жүрген ойын алдымен Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтарға білдіреді. Екеуі де бір ауыздан «Қиынырақ тақырып, ауырлау жүкті арқалауға бел буыпсың» деген екен. Заман тар болса да, көкіректі көрнеген зар жырдың бәрібір арна бұзып шығарын білгеннен кейін ақын көп ұзамай «Батыр Науанды» жазуға отырады. Он сегізге жаңа толған Науан атты жас батырдың Кенесары ханмен бірлікте жауға қарсы шапқан ерлігі суреттелетін бұл поэманың шырайы бөлек болғанмен, алдағы тағдырын шиыршықтайтынын ол кезде, әрине, білген жоқ. Сиясы кеппеген күйі «Батыр Науанның» бір бөлік үзіндісі 1940 жылы Қазақстанның жиырма жылдығына байланысты «қазақ көркем әдебиет» баспасынан жыраққа шыққан «Тарту» жинағына кірді.

Кенесары мен Наурызбай сынды қаһармандардың әр заманның әр түрлі соққан зауалына орай бірде мақталып, бірде датталып, теріс саясаттың кезінде, болған оқиға негізінде жазылған күрделі әрі көркем шығарма. Бұдан бұрын XX ғасырдың орта кезінде ақын Кенесары, Наурызбайдың ерліктері жайында көлемді дастан жазған болатын. Ал, 1949-50 жылдары аталған батырлар туралы Қазақстан ғылымында теріс пікір қалыптасқанда Нұрханға да қатаң айып тағылу жақындап қалған еді. Мұндай айыптан құтылу үшін ақын «Жасауыл қырғыны» атты дастанды жазуға мәжбүр болды. Бұл – жоғарыда сөз болған «Жасауыл қырған» поэмасынан басқа, жаңа дүние.

Кенесарының арман-мақсаты, берік ұстанған сияқты бағыты Қазақстанды, оның сәті түспеген жағдайда, Орта жүзді Россиядан бөліп алып, өз алдына хандық құру еді. Кіші жүз шонжарларымен бас қосқан мәжілісінде хан Кене бұл ойын жасырмайды. Өзінің түпкі мақсатын, не үшін ту көтеріп, қол жиғанын ашып айтады.

Демендер енді орысқа сүйенемін,
Ашылар мен келген соң жүйелерің.
Үш жүздің баласының ордасы бұл,
Жоқ сенің менен басқа иелерің.
Болады Қоқан ханы ақылдасым,
Көрейін, көне дұшпан жақындасым.
Қолымнан ешкім бөліп ала алмайды,
Сен, қазақ, азығым да атым-дасың,

деп ол Кіші жүз рулары шонжарларын бір тұқыртып алады. Кененің осы бір сөздерінен-ақ ішкі сыры айқын аңғарылады. Қазақ атаулыны кемсіте, қорлап, жерлей отырып, «сен менің азығымсың» деп салады. Хандық құрылыстың халыққа жаттығы,

жүгенсіз-озбырлығы осы аз сөздің өзінен-ақ айқын елес береді.

Ақын осы «Жасауыл қырғыны» дастанында Наурызбайдың кескіні, келбетін суреттеу арқылы оның ішкі дүниесін, мінез-құлқын да аша түседі. Оның аласұрған асау тағыдай ұрыншақ, ұр да жық мінезі, басымнан сөз асырмаймын, деп өршеленіп, өзгерумен күн өткізетін көбіқауыздығы аз сөзбен айқын өрнектелген.

Наурызбай қатқан жігіт қарасұрдан,
Секілді асау тағы аласұрған.
Шықшыты томпақ біткен көбіқауыз,
Дегендей басымнан бір сөз асырман.
Отырды барып төмен хан жағынан,
Олардың жан жүрмейді жан-жағынан.
Оң қолы отырғанда Наурызбайдың
Сапының кетпейді екен балдағынан.

Осы бір соңғы жолдың өзі ақын тапқырлығы мен суреткерлігінің айғағындай. Бейбіт үй ішінде, жай кеңес үстінде отырғанда да ол оң қолын сапының балдағынан алмайды. Ол қылыштың жүзі мен найзаның ұшына арқа сүйеп үйренген. Бізғар шашып, үрей туғызу арқылы ар-намыс, еркіндік атаулының бәрін басып, жаншуды армандайды. Нұрхан ақын мүсіндеген Наурызбай осындай әсер қалдырады.

Бұл халық поэзиясында бар дәстүр. Дәстүр – шығармашының өзіне дейінгі ақын-жыраулар поэзиясының озық үлгілерінен үйренуі, өсерлеу, бейнелеу құралдарын, өлеңнің өлшем-өрнектерін өз өлеңдерінде сол қалпында қайталамай, орнымен қолдана білуі, дамытуы. Дәстүрсіз жаңашылдық жоқ. Ақын бұрынғы ақын-жыраулар дәстүрін сақтай отырып, өзіндік үнін, бет-бейнесін, бедерін, қолтаңбасын табуы керек. Ол талант қарымына байланысты. Өйтпесе бұрынғы ақындар айтып кеткен, жүріп өткен жолдан аса алмай, солардың көлеңкесінде қалады. Ал шын талант иесі өз соқпағын табады. Сөйтіп дәстүр жаңашылдыққа бет бұрады. Жаңашылдық қайтадан дәстүрге жетелейді. Осы үрдіс

осылайша ғасырлардан - ғасырға жалғаса береді.

«XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындар халық ауыз әдебиетінің көптеген жанрлық үлгілерін пайдаланып, ұстартқан болса, бұл дәуірдегі жыраулар мен ақындар мұрасынан олардың көркемдік тәсілдерінен кейінгі дәуір ақындарының талайы үлгі алғандығы аңғарылады. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындар қолданған сөз тіркестері мен жыр жолдарының, бірқатар көркемдік әдістері мен кейбір ойлардың кейінгі ақындарға сол күйінде, не өзгерген, ұстарған жағдайда кездесуі олардың арасындағы дәстүрлі байланысты танытады».

Нұрхан да өзіне дейінгі халық поэзиясының бедерлі, бейнелі көркем, нақыштарынан гүлдерден бап жинаған бап арасындағы бойына нәр, күш-қуат алған. Сөйтіп оны өз жырларында сөтті қолданған.

Әдебиеттер:

- 1 Қанайұлы Ш. Көз көрген қазақ батыры. Қайран халқым.- Алматы. Раритет, 2002. - 216 б.
- 2 Сералин М. Топ жарған. Бес ғасыр жырлайды. - Алматы. Жазушы, 1989. - 2 том.
- 3 Жансүгіров І. «Күйші» Алматы. Жазушы, 1989ж.
- 4 Бекхожин Қ. Наурызбай батыр. – Жұлдыз. - №5. - 2007.

Литература:

- 1 Қанайұлы Ш. Көз көрген қазақ батыры. Қайран халқым.- Алматы. Раритет, 2002. - С 216.
- 2 Сералин М. Топ жарған. Бес ғасыр жырлайды. - Алматы. Жазушы, 1989. - 2 том.
- 3 Жансүгіров І. «Күйші». - Алматы. Жазушы, 1989ж.
- 4 Бекхожин К. Наурызбай батыр. – Жұлдыз, 2007. - №5.

References:

- 1 Kanaiuli Sh. Koz korgen kazak batiri. Kairan kalkim.- Almati. Raritet, 2002. - 216 b.
- 2 Seralin M Top gargan Bes gasir girlaidi. - Almati. Gazushi, 1989. - 2 tom
- 3 Gansugiriv I. «Kuishi» Almati. Gazushi, 1989.
- 4 Bekxogin K. Nauryzbai batir. Gulduz - №5. - 2007.

Сведения об авторе

Тулегенова Шынар Исланбекқызы – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Қостанай қ. Абай к., 26 үй, 267 пәтер, тел. 87058322400, e-mail: Sangik_98@mail.ru

Тулегенова Шынар Исланбековна - старший преподаватель кафедры теории языков и литературы им А.Байтұрсынова КГУ. г. Костанай, ул. Абая 26, кв. 267. тел. 87058322400, e-mail: Sangik_98@mail.ru

Tulegenova Shynar Islanbekovna – senior lecturer, department of theory of languages and literature A.Baitursynov Kostanay state university, Kostanay city, 26 Abay St., apartment 267. tel.87058322400, e-mail: Sangik_98@mail.ru